



**Қазақстан Республикасының  
Төтенше жағдайлар министрлігі және  
Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі  
«Республикалық қосымша білім беру  
оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК арасындағы  
ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМ**

Қазақстан Республикасының  
Төтенше жағдайлар министрлігі және  
Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі  
«Респубикалық қосымша білім беру  
оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК  
арасындағы  
**ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМ**

Астана қ.

«\_\_\_» \_\_\_\_ 2023 ж.

Бұдан әрі Тараптар деп аталағын, ал әрқайсысы жеke Тарап деп аталағын Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі, вице-министр генерал-майор **Сыздықов Бауыржан Мәдиұлы** атынан бір жағынан және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі «Респубикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК (бұдан әрі-Орталық), екінші жағынан директор **Шер Раиса Петровна** тұлғасында азаматтық қорғау саласындағы білімді насихаттау, оның ішінде балаларға қосымша білім беру жүйесіндегі су объектілерінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі ынтымақтастықты жүзеге асыру мақсатында төмендегілер туралы ниет білдірді.

### **1. Жалпы ережелер**

Осы Меморандум Тараптардың:

- 1) төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі іс-қимыл дағдыларына оқыту арқылы қауіпсіздік мәдениетінің деңгейін арттыру;
- 2) қосымша білім беру жүйесінде Төтенше жағдайлар саласындағы білімді насихаттау;
- 3) төтенше жағдайлардың, оның ішінде су объектілеріндегі қауіпсіздіктің алдын алу және жою жөніндегі іс-қимыл дағдыларына оқытылатын балалар санын қамтуды ұлғайтуға бағытталған салалардағы бірлескен іс-қимылдарын үйлестіру мәселелері бойынша ынтымақтастық мақсатында жасалды.

### **2. Үнтымақтастық нысандары**

Тараптар осы Меморандумды жасасу ынтымақтастықты орнату және дамыту жөніндегі құжат болып табылатыны туралы уағдаласты.

Тараптар ынтымақтастықты қолдауға және оның тиімділігін қамтамасыз ету үшін шаралар қабылдауға міндеттенеді.

### **3. Үнтымақтастық принциптері**

Тараптар осы Меморандум шенберінде Қазақстан Республикасының аумағында азаматтық қорғау саласындағы білімді насхаттау мақсатында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тегін негізде өзара іс-қимылды көздейді.

Тараптар ынтымақтастықты келесі қағидаттармен жүзеге асырады:

1) азаматтық қорғау саласында оқуға жалпыға бірдейлік (қосымша білім беру процесіне қатысатын барлық адамдар жіберіледі);

2) басқа мұдделі тұлғалармен өзара іс-қимыл жасау кезінде кешенділік (қосымша білім беру процесінің барлық элементтерін жан-жақты дамыту);

3) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар мен олардың зардаптары туындаған және оларды жою кезінде халықтың өмірі мен денсаулығын сақтау мақсатында білім беру жүйесін дамытудың басымдықтары.

#### **4. Тараптардың ынтымақтастығы**

Тараптардың ынтымақтастығы оларға жүктелген міндеттерді ескере отырып мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

1) азаматтық қорғау саласындағы қосымша білім беру жүйесін дамыту, әдістемелік қамтамасыз ету саласындағы конференцияларға, дәңгелек үстелдерге, семинарларға, вебинарларға, конкурстарға және де іс-шараларға қатысу;

2) білім беру, ғылыми және көсіби іс-шараларды (форумдар, конференциялар, семинарлар, практикумдар, дәңгелек үстелдер және т. б.) үйімдастыруға және өткізуге қатысу;

3) балалардың қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруға қатысу;

4) тараптардың өкілдерін дәрістер оқуға, даму мәселелері бойынша тәжірибе және ақпарат алмасуға, азаматтық қорғау саласындағы қосымша білім беру жүйесін әдістемелік қамтамасыз етуге шақыру;

5) әлеуметтік желілерде бірлескен іс-шараларды өткізу кезінде тараптардың келісімі бойынша логотиптер мен фирмалық атауларды өзара атап өту, сондай-ақ өзара пайдалану;

6) азаматтық қорғау саласындағы қосымша білім беру жүйесін дамыту, әдістемелік қамтамасыз ету саласында тәжірибе алмасу үшін жағдайлар жасау;

7) білім беру жобалары мен бағдарламаларын әзірлеуге және іске асыруға қатысу;

8) қосымша білім беру жүйесін дамыту, әдістемелік қамтамасыз ету саласындағы зерттеу және ақпараттық жобалар туралы ақпарат алмасу;

9) бұқаралық ақпарат құралдарында қосымша білім беру жүйесін дамыту туралы ақпаратты бірлесіп ілгерілету;

10) тараптардың келісімі бойынша шығарылатын оқыту материалдарын (брошюралар, плакаттар, ақпараттық парақтар, бейнефильмдер және т. б. материалдар) тарату үшін ұсыну;

11) Тараптар келіскең және Тараптардың жарғылық қызметіне қайши келмейтін ынтымақтастықтың басқа түрлері.

### **5. Іс-әрекеттерді келісу**

Ынтымақтастық кезінде қосымша бағыттар немесе осы Меморандумды іске асыру шенберінде даулы мәселелер туындаған жағдайда Тараптар бұл туралы бір-біріне дереу хабарлайтын болады.

### **6. Осы Меморандумның күшіне енуі, оның ережелеріне өзгерістер енгізу және Меморандумның қолданылуын тоқтату**

Меморандум оған Тараптар қол қойған күннен бастап күшіне енеді.

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Меморандумға өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар осы Меморандумның ажырамас бөліктері болып табылатын жекелеген қосымша келісімдермен ресімделеді.

Қазақ және орыс тілдерінде екі түпнұсқа данаға қол қойылды, бұл ретте екі мәтін де тең және бірдей заңды күшке ие.

Меморандум 1 жыл мерзімге жасалады және егер Тараптардың ешқайсысы осы Меморандумның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін 1 (бір) айдан кешіктірмей екінші Тарапты оның қолданылуын тоқтату ниеті туралы жазбаша хабардар етпесе, келесі кезеңдерге автоматты түрде ұзартылады.

### **7. Тараптардың Қолдары:**

**Қазақстан Республикасының  
Төтенше жағдайлар  
Вице-министрі**



**Б. Сыздықов**

« \_\_\_\_\_ » 2023 ж.

**Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту  
министрлігі «Респубтикалық  
қосымша білім беру оқу-әдістемелік  
орталығы» РМҚК Директоры**



**R. Шер**

« \_\_\_\_\_ » 2023 ж.